

**Әкімдіктің 2011 жылғы 14 қазандағы № 414 "Қостанай облысының коммуналдық мүлкін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидасын бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы әкімдігінің 2013 жылғы 1 сәуірдегі № 128 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 30 сәуірде № 4120 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 4 мамырдағы № 190 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 04.05.2014 № 190 қаулысымен.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексіне, "Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы әкімдігінің "Қостанай облысының коммуналдық мүлкін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидасын бекіту туралы" 2011 жылғы 14 қазандағы № 414 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3784 болып тіркелген, 2011 жылғы 24 қарашада "Костанайские новости" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген Қостанай облысының коммуналдық мүлкін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидасындағы ( б ұ д а н ә р і – Қ а ғ и д а ) :

6-тармақтың 3) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"3) заңды тұлғалар үшін: салыстыру үшін құжаттардың түпнұсқаларын міндетті түрде ұсынған кезде заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің, құрылтай құжаттарының көшірмелері;

жеке тұлғалар үшін: салыстыру үшін құжаттардың түпнұсқаларын міндетті түрде ұсынған кезде жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің, жеке басын растайтын құжаттың, азаматтарды тіркеу кітабының (мекенжай анықтамасы) көшірмелері";

16-тармақтың 1), 2) тармақшалары жаңа редакцияда жазылсын:

"1) заңды тұлғалар үшін: салыстыру үшін құжаттардың түпнұсқаларын міндетті түрде ұсынған кезде заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің, құрылтай құжаттарының көшірмелері;

2) жеке тұлғалар үшін: салыстыру үшін құжаттардың түпнұсқаларын міндетті түрде ұсынған кезде, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің, жеке басын растайтын құжаттың, азаматтарды тіркеу кітабының (мекенжай анықтамасы) көшірмелері;".

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қ о с т а н а й*

*облысының әкімі*

*Н. Садуақасов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК